

Алтынсарин ауданы Ілияс Омаров атындағы ауылдық округіндегі "Беляевка" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мал шаруашылық фермасының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Ілияс Омаров атындағы ауылдық округінің әкімінің 2014 жылғы 7 наурыздағы № 3 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 19 наурызда № 4518 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Ілияс Омаров атындағы ауылдық округ әкімінің 2015 жылғы 29 қазандағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Ілияс Омаров атындағы ауылдық округ әкімінің 29.10.2015 № 1 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алтынсарин аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 7 ұсынысы негізінде, жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында, Ілияс Омаров атындағы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Алтынсарин ауданы Ілияс Омаров атындағы ауылдық округінің, "Беляевка" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мал шаруашылығы фермасының аумағында ауыл шаруашылық малдарының бруцеллез ауруының шығуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алтынсарин аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігінің" Қостанай облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Алтынсарин аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қолдану ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылғы 20 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға таралады.

Илияс Омаров атындағы
К. Нуртасов
ауылдық округінің әкімі
КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау
және қадағалау комитетінің
Алтынсарин аудандық аумақтық
инспекциясы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ *Ғ. Сейтханов*

"Қазақстан Республикасы
Тұтынушылардың құқықтарын
қорғау агенттігінің" Қостанай
облысы тұтынушылардың
құқықтарын қорғау
департаментінің Алтынсарин
аудандық тұтынушылардың
құқықтарын қорғау басқармасы"
республикалық мемлекеттік
мекемесі басшысының міндетін
а т қ а р у ш ы

_____ *Б. Мүслімов*